

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**РК/Р Үа 2201 – Кәсіби қазақ тілі**

**5В020500- филология мамандығына арналған**

**ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

2 кредит

Алматы, 201ң

## АЛҒЫ СӨЗ

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті **ӘЗІРЛЕГЕН, ҰСЫНҒАН.**

Автор: Салқынбай А.Б. - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

### 2 . Пікір жазғандар:

**Мадиева Г.Б.** – филология ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, шетел филологиясы және жалпы тіл білімі кафедрасы ;

**Қасым Б.** - филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ, КҮШІНЕ ЕНДІ.**

4. Типтік оқу бағдарламасы **5В020500-филология мамандығы** бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сай жасалған.

Республикалық Оқу-әдістемелік кеңестің мәжілісінде 2012 жылы «\_\_» \_\_\_\_\_ **ҚАРАСТЫРЫЛДЫ**, хаттама №\_\_\_\_\_.

## ТҮСІНІК ХАТ

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқып үйрену жоғарғы оқу орындарындағы мамандар дайындаудың негізгі (базалық) деңгейінің құрамдас бөлігінде орындалады.

Қазақстан Республикасындағы қарқынды даму үдерісі мен экономикалық-әлеуметтік жағдайы, әлемдік қауымдастықтағы беделінің артуы, біліктілік деңгейі әлемдік стандарттарға сәйкес келетін, бәсекеге қабілетті жоғары білімді сапалы мамандарды даярлаудың қажеттігін туғызып отыр. Мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – мемлекеттік тілді толық меңгеруі мен оны әр мамандық саласы бойынша тәжірибе жүзінде қолдана алуы.

Кәсіби қазақ тілі бойынша жасалған типтік оқу бағдарламасы инновациялық технологияны кең қолдану мақсатында модульдық оқыту жүйесіне сәйкес құрылған. Курста әр мамандық саласындағы ұғымдар мен ғылыми атаулардың, терминдердің табиғатын қазақша терең меңгеру, кәсіби лексиканы толық пайдаланып, қазақша өз ойын анық жеткізу басты назарға алынады. Тілдік құзіреттілікті қалыптастыру коммуникативті-функционалдық грамматика тұрғысынан анықталып, кәсіби тілдік бірліктердің, терминдердің қолданыстағы қызметі мен мағынасы, ойды нақты жеткізудегі грамматикалық және лексикалық құрылымдардың жүйелілігі - оқытудың басты қағидаттары ретінде ұсынылады.

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқып меңгерудің алдында студент «Қазақ тілі» пәні мен мамандыққа кіріспе пәндерін оқып үйренуі керек. Кәсіби қазақ тілінен білім берудің негізгі құзіреттілігі және оның нәтижелі болуы мынадай жағдайлармен байланысты:

- оқытудың коммуникативті-функционалдық бағытта болуы;
- пән мазмұнының салалық кәсіби мамандықтарға қатысты құралған мәтін мен типтік когнитивті-лингвомәдени кешен түрінде берілуі;
- кәсіби қазақ тілін үйрету үрдісінде оқытуды жеке тұлғаға бағдарлау әдісі негізінде жүргізілуі;

«Кәсіби қазақ тілін» оқып меңгерудің нәтижесінде студент мынадай тілдік құзіреттілікке қол жеткізуі керек:

- ғылыми стиль мен оның жанрлық түрлері туралы **түсінігі болуы;**
- ғылыми мәтін құрастыру мен жазудың ережелері және тілдік безендірілуі;
- кәсіби мәтінге құрылымдық-семантикалық және мәндік-лингвистикалық талдау жасаудың әдістері мен тәсілдері;
- кәсіби қарым-қатынаста тілдік жүйенің жұмсалымдық қызметінің ерекшеліктері.

- ғылыми лексика мен ғылым саласына қатысты ғылыми құрылымдарды **білуі;**

- әр түрлі жанрдағы мәтіндерді құрастыру;

- қызметтің кәсіби саласына қатысты сөйлеу нормаларын меңгеру;
- іскери байланыс пен іс қағаздары тілінің негізін білу;
- ғылыми-кәсіби ақпараттарды жүйелеу және пайымдай алу;
- жазбаша және ауызша мәтіндердегі ақпараттардың негізгі мәні мен мазмұнын нақтылауда негізгі әдіс-тәсілдерді қолдану;
- коммуникативтік интенция мен қарым-қатынас жағдаятына сәйкес тілдік бірліктерді оңтайлы қолдана алу;
- **ғылыми-кәсіби әдебиеттермен жұмыс істеу машығының болуы;**
- кәсіби мамандыққа байланысты мәтіндерге талдау жасау және пайымдау;
- негізгі кәсіби қызметіне қатысты ғылыми ақпараттарды өздігімен іздеп таба алу машығының болуы;
- **кәсіби мамандану саласы бойынша қазақша ресми сөйлесуге құзыретті болуы;**
- кәсіби салада қазақша қарым-қатынас жасау үшін сөйлеу коммуникациясының тактикасы мен стратегиясын білуі керек.

## **МАЗМҰНЫ**

*Бағдарламаның мазмұны студенттердің ғылыми-кәсіби саладағы коммуникативтік қажеттіліктерімен, ғылыми қызметтің маңызды құралы ретіндегі қазақ тілінің негізінде кәсіби біліктілікке үйретудің мақсаттары мен міндеттерімен айқындалады.*

Кәсіби-ғылыми тілді практикалық тұрғыда игерудің коммуникативтік мақсаттары мен міндеттері - концептуалды әрі негізгі болып есептеледі. Бакалавриат студенттері ғылыми саланың коммуникативтік ерекшеліктері бар жаңа сөйлеу дағдылары мен икемділігін қалыптастырып, әрі қарай жетілдіру арқылы кәсіби құзыреттілікке қол жеткізеді, нәтижесінде терең әрі сапалы кәсіби білім алады.

Бәсекеге қабілетті маман ретінде коммуникативтік құзыреттілікті меңгерген студенттер үшін «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің негізгі оқыту **нысаны** - ғылыми-кәсіби лебіз.

**«Кәсіби қазақ тілі» пәнінің негізгі мақсаты** – коммуникативтік құзыреттілік дағдыны қалыптастыру және дамыту, бәсекеге қабілетті әрі құзіреттілігі жоғары тұлғаның кәсіптік маңызы бар жағдайларда ғылыми тілмен қазақша ойын толық және анық жеткізуі үшін тілдік кәсіби-бағдарлы дайындығын қамтамасыз ету.

### **Пәннің негізгі міндеттері:**

- коммуникативтік құзыреттілік дағдыны кәсіби бағдар негізінде дамыту;

- маманданатын кәсіби саласындағы кәсіби сөздердің мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін талдау және тілдік тәжірибеде қолдануға дағдыландыру;
- мамандыққа қатысты салалық терминдердің семантикасы мен жасалу ерекшеліктерін зерделеу;
- сөйлеудің ғылыми стилін мамандықтың тілі ретінде үйрету;
- кәсіби саладағы сөйлеу тілі мен ғылыми стильдің ерекшеліктерін салыстыра талдау.

### **1. Қазақ тілі - пәндік-тілдік материал қалыптастырудың негізі.**

1.1. Кәсіби терминология және арнаулы лексика.

1.2. Сөйлеудің ғылыми стилін мамандықтың тілі ретінде үйрету.

1.3. Зерттеудің ғылыми тәсілдері.

1.4. Мамандық бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны. Ғылыми еңбектің ресімделуі.

**2. Оқу-кәсіби және ғылыми-кәсіби салалардағы базалық категориялық-ұғымдық аппарат.** Ғылыми-кәсіби мәтінді талдау және саралау деңгейінде сөйлеу машықтарын дамыту.

**3. Мамандық бойынша пәндік салаға қатысты ұғымдар мен олардың атауларының мазмұны мен мағынасын қазақ тілінде сипаттау.** Мамандық бойынша ғылыми мәтіндермен жұмыс істегенде кәсіби біліктілікті дамыту және арнаулы кәсіби-бағдарлық материалды игеріп, оны кәсіби жағдайда пайдалану. Мамандыққа қатысты ұғымдар мен олардың атауларының семантикалық мәнін талдап, сөзжасамдық ерекшеліктеріне, лексикалану үдерісіне талдау жасау.

**4. Кәсіби қазақ тілінің мамандық пәндермен байланысы.** Кәсіби қазақ тілінің трансформациясы мен дифференциациясы. Кәсіби саладағы сөйлеу ерекшеліктері. Адамдардың өзара іс-әрекетінің әлеуметтік-психологиялық механизмі ретіндегі қарым-қатынас құралы саналатын кәсіби тілдің ішкі болмысы мен салалық ғылымдардағы кәсіби лексика.

### **Ұсынылатын әдебиет тізімі.**

## ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Дәріс тақырыптары
1.	Кәсіби қазақ тілі пәні, зерттеу нысаны, мақсаты, өзге пәндермен байланысы.
2	Кәсіби жазба лебіз – пәндік-тілдік материалды қалыптастыратын негіз.
3	Мәтін - ерекше лебіздік бірлік
4	Ғылыми мәтіннің құрылымдық ұйымдастырылуы.
5	Кәсіби тіл және оның құрамы. Кәсіби терминология - ғылыми стильдің негізгі белгісі.
6	Термин - әлем бейнесінің ғылыми саладағы негізгі ұғымдық бірлігі және тілдің ғылыми стилінің негізгі лексикалық бөлігі. Термин жасалуының сөзжасамдық ерекшеліктері
7	Лебіздік ғылыми стилдің мамандыққа қатысты жалпы сипаттамасы
8	Ғылыми-зерттеу еңбектердің құрылымы. Ғылыми-зерттеу еңбектің мазмұнына қойылатын талаптар. Графикалық тіл, символдар тілі.
9	Ғылыми мәтіндер мен олардың түрлері: таза ғылыми, ғылыми-көпшілік, оқу, анықтамалық, өндірістік-техникалық мәтіндер.
10	Ғылыми мәтіндердің түрлері мен жанрларының стилистикалық ерекшеліктері. Арнаулы ғылыми мәтіндердегі, оқулықтар мен оқу құралдарындағы терминдердің анықтамалары.
11	Ғылыми-көпшілікке арналған мәтіндердегі терминдердің қолданыс ерекшелігі. Ғылыми мәтінде бөгде сөздердің көріну формалары
12	Әртүрлі ресми-іскерлік мәтіндердің стилистикалық ерекшеліктері. Терминологиялық ерекшеліктері. Мәтін құрылымының азат жолға қарай бөліну ерекшеліктері.
13	Әлемнің ғылыми бейнесі контекстіндегі іс-әрекет субъекті: ғалымдардың әлемнің гуманитарлық-қоғамдық (жаратылыстану) ғылымдағы бейнесін жасауға қосқан ғылыми үлесі (мамандық бойынша) және шығармашылық портрет.
14	Кәсіби тілдің ішкі болмысы мен салалық ғылымдардағы кәсіби лексиканың ерекшеліктері. Сөйлесудің грамматикалық және прагмалингвистикалық қыры (коммуникативтік құзыреттілік)
15	Диалогтық лебіздің коммуникативтік ерекшеліктері. Кәсіби салада адамдардың тіл табысуына қарай анықталатын негізгі типтері.

## Кіріспе

Кәсіби мәдениеттің бөлігі мен қарым-қатынас құралы ретіндегі “Кәсіби қазақ тілі” пәнінің мәні мен міндеті. Базалық пәндер циклінің құрамды бөлігі ретіндегі кәсіби қазақ тілі.

“Кәсіби қазақ тілі” – нормаға түскен әдеби тілді, іскерлік және кәсіби қарым-қатынастың түрлерін, ғылыми стильдің жанрлық ерекшеліктерін оқытатын негізгі пән.

Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, әртүрлі сөйлеу жағдайында кәсіби құзыреті бар білікті маман дайындау үшін кәсіби маманданған саласы бойынша кәсіби сөздерді меңгерту мен ғылыми стильдің ерекшеліктерін айқындау маңызды әрі өзекті. Кәсіби мәтін мен кәсіби саладағы сөйлеу коммуникациясының стратегиясы мен тактикасы туралы түсініктерді болашақ мамандар санатындағы студенттер үшін - кәсіби біліктілігін, яғни кәсіби саладағы нақты жағдайдағы нақты коммуникативтік міндеттерді лингвистикалық құралдармен шешу қабілетін қалыптастыратын нысан ретінде түсіндіру. Мамандық бойынша мәтіннің мәнін түсінуге көмектесу: кәсіби мәтіндердің және олардың бөліктерінің типологиясымен таныстыру. Курстың практикалық міндеті – кәсіби саладағы мәтіндерге, тілдік коммуникацияның стратегиясы мен тактикасына теориялық қисынға негізделген талдау жүргізуге үйрету.

Мамандықтың пәндік саласына кіріспені кәсіби қазақ тілінде дайындап, салалық ұғымдар мен олардың семантикалық ерекшеліктеріне мәтіндік талдау жасау, кәсіби лексиканың өзіндік ерекшеліктерін саралау.

“Кәсіби қазақ тілі” пәнін оқу барысында студенттер алған білімдерін кәсіби және ғылыми мәтіндерді құрастыру үшін, кәсіби қарым-қатынасқа белсенді араласу үшін қолдануды игереді. Кәсіби және ғылыми міндеттерден басқа, аталған пән студенттердің жалпы мәдени деңгейі мен эстетикалық тәрбиесін де қамтамасыз етуі тиіс. Бұл жағдайда “Кәсіби қазақ тілі” пәні кәсіби қарым-қатынастың дағдыларын игеруді, сондай-ақ жалпы гуманитарлық және жалпы кәсіби көкжиекті кеңейтуді көздейді.

Аталған бағдарлама оқу материалының мазмұны мен көлемін студенттердің кәсіби қажеттілігін ескере отырып анықтайды.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**Кәсіби жазба лебіз – пәндік-тілдік материалды қалыптастыратын негіз.**

Мәтін - ерекше лебіздік бірлік. Мәтіндер жанры: мәтін-талап (бұйрық, нұсқау, ұсыныс), мәтін-ретроспекция және бағалау (есеп беру, шолу, аннотация), байланыс жасау (құттықтау, сұхбат, шақыру, т.б.); мәтін құраудың лингвистикалық құралдары. Мәтін және оның логикалық-композициялық үлгілері.

Ғылыми мәтіннің құрылымдық ұйымдастырылуы: а) ашылатын мазмұнның сипаты; ә) жеткізілетін мазмұнның берілу тәсілі. Мәтіннің түрлері: сипаттау (заттың, ортаның жағдайы), баяндау (бейнелеу, ақпарат беру), пайымдау (дәлелдеу, түсіндіру), нұсқау (түсіндіру, іс-әрекеттің алгоритмі, жоспарлау).

Мәтіндердің құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері. Нақты ғылымның теориялық негіздері туралы мәтін-мәлімдеме. Зерттеу үдерісінің (тәжірибе және оның нәтижелері) мәтін сипаты.

**Кәсіби тіл және оның құрамы. Кәсіби терминология - ғылыми стильдің негізгі белгісі.**

Термин - әлем бейнесінің ғылыми саладағы негізгі ұғымдық бірлігі және тілдің ғылыми стилінің негізгі лексикалық бөлігі. Жаратылыстану-техникалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардың ғылыми терминологиясы. Тар шеңберлі мамандықтардың салалық терминдері. Термин жасалуының сөзжасамдық ерекшеліктері: 1) атаулардың сөзжасамдық тұлғалар арқылы жасалу жүйесі; 2) интернационалдық түбірлер мен қазақ тілі жұрнақтары; 3) атаулық тіркестер және лексикалану үдерісі т.б.

**Лебіздің ғылыми стилін мамандықтың тілі ретінде оқыту.**

Лебіздік ғылыми стилдің мамандыққа қатысты жалпы сипаттамасы. Кәсіби тіл, кәсіби жаргон: ұқсастық пен өзгешелік. Лебіздік ғылыми стилдің түрлері. Лебіздегі қазіргі ғылыми стильдің жанрлары.

**Зерттеудің ғылыми тәсілдері.** Тақырып пен міндеттерге сай келетін тәсілдерді таңдау ережелері. Зерттеудің әртүрлі бағыттарына арналған тәсілдердің түрлері. Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиетті таңдау қағидалары. Қағаз және электронды тасымалдаушылармен жұмыс істеудің ерекшеліктері.

**Мамандық бойынша жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны. Ғылыми еңбектің ресімделуі.**

Ғылыми-зерттеу еңбектердің құрылымы. Ғылыми-зерттеу еңбектің мазмұнына қойылатын талаптар. Графикалық тіл, символдар тілі. Қысқартулар. Қысқартулардың түрі. Жалпыға түсінікті қысқартулар. Сөздер мен сөз тіркестерін қысқарту құралдары. Мәтінді тарауға бөлудің ережелері. Дәйексөз келтірудің ерекшеліктері. Мәтін бөліктерін ерекшелеу варианттары және оларды пайдалану мүмкіндіктері. Сілтеме жасаудың ерекшеліктері. Библиографияны құрастырудың ережелері.



**Ғылыми-кәсіби және оқу-кәсіби саласындағы базалық категориялық-ұғымдық аппарат. Кәсіби дағдылар мен лебздік икемділікті түрлі ғылыми-кәсіби мәтіндердегі стильдік бағыттар бойынша талдау және саралау деңгейінде дамыту.**

*Ғылыми мәтіндер мен олардың түрлері:* таза ғылыми, ғылыми-көпшілік, оқу, анықтамалық, өндірістік-техникалық мәтіндер. Ғылыми мәтіндердің түрлері мен жанрларының стилистикалық ерекшеліктері.

Арнаулы ғылыми мәтіндердегі, оқулықтар мен оқу құралдарындағы терминдердің анықтамалары. Ғылыми-көпшілікке арналған мәтіндердегі терминдердің қолданыс ерекшелігі. Қазақ тіліндегі терминдер және олардың жасалу ерекшеліктері, мағыналық құрылымы: сөз туғызушы тұлғалар, сөздердің бірігуі, қосарлануы т.б.

Ғылыми мәтінде бөгде сөздердің көріну формалары: дәйексөз, референция, имплицитті кіріспе. Ғылыми мәтіндегі авторлық даралықтың көрінуі. Ғылыми-кәсіби мәтіннің құрылымын түсіндіру және талдау. Мамандық бойынша жазылған ғылыми еңбекке пікір жазу.

*Ресми-іскерлік мәтіндер және олардың түрлері:* дипломатиялық, заңнамалық, әкімшілік-кеңселік т.б.

Әртүрлі ресми-іскерлік мәтіндердің стилистикалық ерекшеліктері. Терминологиялық ерекшеліктері. Азат жолға қарай бөлудің ерекшеліктері. Тарауға бөлудің маңызы мен рөлі, тарауларды ресімдеу. Тарауларды санмен және әріппен белгілеу жүйесі.

**Мамандық бойынша пәндік сала мазмұнының қазақ тіліндегі сипаттамасы. Мамандық бойынша ғылыми мәтіндермен жұмыс істегенде кәсіби құзыреттілікті дамыту және арнайы кәсіби бағдарлы материалдарды меңгеру, оны кәсіби жағдайда қолдана білу.**

Әртүрлі жанрдағы кәсіби мәтіндерді талдап, түсіндіру барысында, олардың арнайы мағынасын жеткізу үшін қолданылатын тілдік типтік құрылымдарды меңгеру.

Әлемнің ғылыми бейнесі контекстіндегі іс-әрекет субъекті: ғалымдардың әлемнің гуманитарлық-қоғамдық және жаратылыстанудағы (техникалық) бейнесін жасауға қосқан ғылыми үлесі (мамандық бойынша) мен шығармашылық портреті. Мәтіндер баспадан және электронды құралдардан алынған аутентикалық мәтіндерден құралады.

Ойлаудың жаратылыстану-техникалық және қоғамдық-гуманитарлық детерминанттары және олардың кәсіби мәтіндердегі көрінісі. Мамандық бойынша ғылыми мәтінмен жұмыс істеу барысындағы терминнің рөлі:

1) ғылым дамуы кезеңдеріндегі терминдер: терминдердің қалыптасу жолы мен дәстүрі;

2) әр түрлі ғылыми бағыттарды белгілейтін терминдер (салыстырмалы, тарихи т.б.);

3) ғылымның әртүрлі жеке салаларын анықтайтын терминдер жүйесі;

4) ғылым саласының әдістері мен тәсілдерін, қағидаттарын белгілеуші терминдер;

5) ғылыми терминдердің классификациясы мен жүйеленуі.

**Кәсіби қазақ тілінің мамандық пәндерімен байланысы. Кәсіби қазақ тілінің трансформациясы мен дифференциациясы. Кәсіби саладағы тілдік сипаттың ерекшеліктері. Қарым-қатынас - адамдардың өзара іс-әрекетінің механизмі.**

Өзара байланыстағы оқыту қағидаттарын жүзеге асыру: қазақ тілінің мамандық пәндерімен өзара байланысы.

Адамдардың өзара іс-әрекетінің әлеуметтік-психологиялық механизмі ретіндегі қарым-қатынас құралы саналатын кәсіби тілдің ішкі болмысы мен салалық ғылымдардағы кәсіби лексиканың ерекшеліктері.

**Кәсіби саладағы өзара іс-әрекеттің, сөйлесудің грамматикалық қыры (коммуникативтік құзыреттілік).**

Ауызша мәтіннің құрылысы: әртүрлі тілдік құралдар арқылы семантикалық және тұлғалық сипатта байланысқан сөйлемдердің реттілігі; тақырыптық блоктар.

**Қарым-қатынастың прагмалингвистикалық қыры (коммуникативтік құзыреттілік).**

Коммуникативтік стратегиялар: *репрезентативтілік* (бейнелеуіштік) стратегия, *нарративті* (аналитикалық) стратегия.

**Қарым-қатынастың әлеуметтік-лингвистикалық қыры (коммуникативтік құзыреттіліктің тактикасы).**

Тілдік тұлғаның кәсіби қатынас саласында коммуникативтік байланыс жасауға қабілеті мен тактикасы.

**Диалогтық лебіздің коммуникативтік ерекшеліктері. Кәсіби салада адамдардың тіл табысуына қарай анықталатын негізгі типтер.**

Ынтымақтастық қатынастың тактикасы (*бірлесуші тип*).

Кооперацияның бір түрін жақтайтын тактика (*жанжалды тип*).

Пікірталасқа негізделген ынтымақтастықтың тактикасы.

*Әңгімелесушілердің сипаттары*: жетекші, бейімделгіш, бірбеткей, ұяң.

*Диалогтың түрлері*: диалог-сұрау, диалог-келісу, диалог-келіспеу, диалог-нақтылау, диалог-талқылау.

**Әлемнің кәсіби бейнесіндегі тілдік тұлғаның коммуникативтік кеңістігі.**

Тұлғаның маман ретінде әрекет ететін қоғамына тән белгілі бір жолмен құралған білім мен түсініктердің жиынтығы ретіндегі *жеке* когнитивтік кеңістік пен *ұжымдық* когнитивтік кеңістік.

*Үстел басындағы қарым-қатынас*. Келіссөздер, іскери әңгіме. Іскери әңгіменің талдауы мен нәтижелері. Қарым-қатынастың бейвербальды құралдары: арақашықтық, жақындық зонасы, жеке зона, әлеуметтік зона, қоғамдық зона. Ымдау, дененің күйі, ишарат.

Кәсіби қызметтің белгілі бір қырларының еліктеуіштік қалыптары. Кәсіби салада лебіздік, тілдік және қатынастық құзыретті қалыптастыруды көздейтін еліктеу, орнына қою, құбылту, қайталау, сөйлеу тапсырмалары.

Кәсіби салада қарым-қатынас пен өзара әрекет жасауға ойын арқылы үйрететін әдістемелік тәсілдер. “Келіссөз” деп аталатын лингвистикалық іскери ойын.

*Қарым-қатынастың негізгі бірліктері.* Лебіздік оқиға, лебіздік жағдай, лебіздік өзара байланыс. Кәсіби саладағы лебіздік қатынастың мәдениеті. Ауызекі лебіз - адам мәдениеті мен білімінің көрсеткіші. Кәсіби қызметпен байланысты белгілі бір коммуникативтік жағдайдағы сөйленім, пікір айту, белгілі бір тақырыпқа пікірталас түріндегі лебіздік жаттығулар. Тұсаукесерлер мен баяндамаларды ресімдеу ережелері.

### Семинар сабақтарына ұсынылатын тақырыптар

1	Ғылыми мәтіннің құрылымдық ұйымдастырылуы мен мәтіннің түрлері: сипаттау (заттың, ортаның жағдайы), баяндау (бейнелеу, ақпарат беру), пайымдау (дәлелдеу, түсіндіру), нұсқау (түсіндіру, іс-әрекеттің алгоритмі, жоспарлау).
2	Мамандықтардың салалық терминдері. Термин жасалуының сөзжасамдық ерекшеліктері: 1) атаулардың сөзжасамдық тұлғалар арқылы жасалу жүйесі; 2) интернационалдық түбірлер мен қазақ тілі жұрнақтары; 3) атаулық тіркестер жәе лексикалану үдерісі т.б.
3	Лебіздік ғылыми стилдің мамандыққа қатысты жалпы сипаттамасы. Кәсіби тіл, кәсіби жаргон: ұқсастық пен өзгешелік. Лебіздік ғылыми стилдің түрлері. Лебіздегі қазіргі ғылыми стильдің жанрлары
4	Мәтінді тарауға бөлудің ережелері. Дәйексөз келтірудің ерекшеліктері. Мәтін бөліктерін ерекшелеу варианттары және оларды пайдалану мүмкіндіктері. Сілтеме жасаудың және библиографияны құрастырудың ережелері.
5	<i>Ғылыми мәтіндер мен олардың түрлері:</i> таза ғылыми, ғылыми-көпшілік, оқу, анықтамалық, өндірістік-техникалық мәтіндер. Ғылыми мәтіндердің түрлері мен жанрларының стилистикалық ерекшеліктері
6	Ресми-іскерлік мәтіндердің стилистикалық ерекшеліктері. Тарауға бөлудің маңызы мен рөлі, тарауларды ресімдеу. Тарауларды санмен және әріппен белгілеу жүйесі.
7	Арнаулы ғылыми мәтіндердегі, оқулықтар мен оқу құралдарындағы терминдердің анықтамалары. Ғылыми-көпшілікке арналған мәтіндердегі терминдердің қолданыс ерекшелігі.
8	Сала ғалымдарының шығармашылық портреті. Ғылыми зерттеулердегі кәсіби сөздер мен терминдердің қолданысы.
9	Мамандық бойынша ғылыми мәтінмен жұмыс істеу барысындағы терминнің рөлі: ғылым дамуы кезеңдеріндегі терминдер: терминдердің қалыптасу жолы мен дәстүрі; әр түрлі ғылыми бағыттарды белгілейтін терминдер (салыстырмалы, тарихи т.б.)
10	Ауызша мәтіннің құрылысы: әртүрлі тілдік құралдар арқылы семантикалық және тұлғалық сипатта байланысқан сөйлемдердің

	реттілігі; тақырыптық блоктар
11	Коммуникативтік стратегиялар: <i>репрезентативтілік</i> (бейнелеуіштік) стратегия, <i>нарративті</i> (аналитикалық) стратегия.
12	Кәсіби салада адамдардың тіл табысуына қарай анықталатын негізгі типтер. Ынтымақтастық қатынастың тактикасы ( <i>бірлесуші тип</i> ). Кооперацияның бір түрін жақтайтын тактика ( <i>жанжалды тип</i> ). Пікірталасқа негізделген ынтымақтастықтың тактикасы.
13	Келіссөздер, іскери әңгіме. Іскери әңгіменің талдауы мен нәтижелері. Қарым-қатынастың бейвербальды құралдары: арақашықтық, жақындық зонасы, жеке зона, әлеуметтік зона, қоғамдық зона.
14	Кәсіби қызметпен байланысты белгілі бір коммуникативтік жағдайдағы сөйленім, пікір айту, белгілі бір тақырыпқа пікірталас түріндегі лебіздік жаттығулар. Тұсаукесерлер мен баяндамаларды ресімдеу ережелері.
15	<i>Қарым-қатынастың негізгі бірліктері</i> . Лебіздік оқиға, лебіздік жағдай, лебіздік өзара байланыс. Кәсіби саладағы лебіздік қатынастың мәдениеті

### Студенттердің өздік жұмыстарына арналған тақырыптар

1. Ғылыми мәтіннің құрылымдық сипаты мен түрлерін талдау;
2. Мамандыққа қатысты салалық терминдер мен оларды жасаушы ғалымдардың еңбегі;
3. Интернационалдық түбірлер мен қазақ тілі жұрнақтары арқылы терминдердің жасалуы;
4. Лебіздік ғылыми стилдің мамандыққа қатысы;
5. Лебіздік ғылыми стилдің түрлері;
6. Лебіздегі қазіргі ғылыми стильдің жанрлары;
7. Мәтінді тарауға бөлудің ережелері;
8. Дәйексөз және оны мәтінде келтірудің ерекшеліктері.
9. Таза ғылыми, ғылыми-көпшілік, оқу, анықтамалық, өндірістік-техникалық мәтіндер;
10. Тарауға бөлудің маңызы мен рөлі, тарауларды ресімдеу; Тарауларды санмен және әріппен белгілеу жүйесі.
11. Оқулықтар мен оқу құралдарындағы терминдердің анықтамаларының берілу сипаты;
12. Ресми-іскерлік мәтіндердің стилистикалық ерекшеліктері;
13. Ғылыми-көпшілікке арналған мәтіндердегі терминдердің қолданыс ерекшелігі;
14. Сала ғалымдарының (А. Байтұрсынұлы, Б. Кенжебаев, М. Томанов т.б.) шығармашылық портреті;

15. Коммуникативтік стратегиялар: *репрезентативтілік* (бейнелеуіштік) стратегия, *нарративті* (аналитикалық) стратегия;
16. Пікірталасқа негізделген ынтымақтастықтың тактикасы;
17. Кәсіби салада адамдардың тіл табысуына қарай анықталатын негізгі типтер;
18. Келіссөздер, іскери әңгіме.
19. Іскери әңгіменің талдауы мен нәтижелері;
20. Коммуникативтік жағдайдағы сөйленім, пікір айту, белгілі бір тақырыпқа пікірталас түріндегі лебіздік жаттығулар.
21. Тұсаукесерлер мен баяндамаларды ресімдеу ережелері.

### **Ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

#### **Негізгі:**

1. Жаналина Л.К., Килевая Л.Т., Касымова Р.Т., Маймакова А.Д., Абаева М.К. Язык современной науки: языковые портреты. Учимся искусству научной речи./Учебное пособие. – Алматы, 2010. – 344 с.
2. Проскуракова И.Г., Боженкова Р.К., Боженова Н.А. Пособие по научному стилю речи. Для вузов технического профиля. 2-е издание. М.: Наука, 2004. – 320 с.
3. Күзекова З.С. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері. - Алматы, 2005.
4. Омарова Б.А. Кәсіби қазақ тілі. Тарих мамандықтарына арналған оқу құралы. - Алматы, 2012.
5. Жұмағұлова А.Ж. Кәсіби қазақ тілі. Биология мамандықтарына арналған оқу құралы. - Алматы, 2011.
6. Аширова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. География мамандықтарына арналған оқу құралы. - Алматы, 2011.
7. Рамазанова Ш.Ә. Қазақ тілі. Тарих мамандықтарына арналған оқу құралы. - Алматы, 2012.
8. Қарабаева Х.А. Қазақ тілі. Құқық қорғау саласы мамандарына арналған оқу құралы. – Алматы, 2008.

#### **Қосымша:**

1. Колесникова Н.И. От конспекта к диссертации: Учебное пособие по развитию навыков письменной речи. – 2-е изд. – М.: Наука, 2003. – 288 с.
2. Гвоздарёв Ю.А., Савенкова Л.Б. Основы коммуникативной стилистики. М.: ИКЦ «МарТ», 2009. – 256 с.
3. Крылова О.А. Лингвистическая стилистика. Книга 1. Теория. М.: Высшая школа, 2008. – 314 с.

4. Крылова О.А. Лингвистическая стилистика. Книга 2. Практикум. М.: Высшая школа, 2008. – 120 с.
5. Салагаев В.Г. Риторика. Технология сотрудничества: учебное пособие. – Астана: Дарын, 2007. – 304 с.
6. Воителева Т.М. Русский язык и культура речи. Методические рекомендации. М.: Академия, 2008. – 144 с.
7. Культура устной и письменной речи делового человека. Справочник-практикум. М.: Наука, 2000. – 314 с.
8. Рахманин Л.В. Стилистика деловой речи и редактирование служебных документов: Учеб. пособие. – 4-е изд., испр.- М.: Высш.шк. – М, 1998. – 192 с.
9. Гойхман О.Я., Надеина Т.М. Речевая коммуникация: Учебник. – 2-е изд. – М.: 2006. – 272 с.
10. Чекина Е.Б., Капасова Д.А. Русский язык: Учебное пособие для студентов-экономистов. – Алматы, 2011. – 164 с.